

Білімді ұрпақ – ұлт болашағы

Убайдуллаева Динара Закиржановна
Х.А. Яссауи атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі

Мақсаты: Болашақ жастарды Отанын сүйуге, ізеттілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Плакатпен безендіру, ілінген шарлар.

Түрі: Ашық тәрбие сабағы.

Барысы:

Мұғалім: Сәлеметсіздер ме, ұлағатты ұстаздар мен құрметті оқушылар!

Бүгін біз «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» деген тақырыпта ашық тәрбие сабақ өткізгелі отырмыз. Сабағымызды ашық деп жариялаймын. Енді сөз кезегін жүргізушілерге беремін.

1-жүргізуші

Армысыздар, ұстаздар, ата - аналар! - Бармысыздар, болашақтың бастауы балғын шақты балалар! Алдарыңызда тұрған 2 «Ә» сынып оқушыларының «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» кешін тамашалап отырсыздар. Оқушылар ортада Қол соғып қойыңдар, - деп барлық оқушыларға бір қол соғып қоялық.

2-жүргізуші

Біліміміздің артып, санамыздың өскенін, сөз байлығымыздың молайғанын көрсетейік, - дей отырып, сіздерге тек сәттілік тілейміз! «Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» кешінде, таныстыру бөліміне кезек берейік.

Ендеше оқушылар өздерін таныстырып өтсін.

Біз ұрпақымыз ата салтын,

Ғасырларға жалғайтын.

Зерделідей зерделі қыз,

Бәрі озат, бәрі асылдар.

Біз талапты баламыз

Білімнің айдынында жүзгенбіз.

Алғы күннен шуақ шашқан,

Бақыт нұрын іздерміз.

Ұранымыз: «Біз талапты баламыз, Біліммен алға самғаймыз!»

1- Жүргізуші:

Бейбіт таңдар арайланып атады,

Туған жерді айналайды шапағы.

Байтақ елім- Ұлы Қазақстаным,

Ең бақытты балалар- Отаны.

Енді кезекті оқушыларға берсек. Отан туралы тақырып айтуға кіріседі.

1.Аялап ару ананы,

Өсірген еркін баланы.

Бесігім болып тербеткен

Отаным- Қазақстаным!

2.Толтырған гүлге даланы,

Жайнатқан ауыл қаланы.

Ардақты ата-мекенім,

Отаным- Қазақстаным!

3.Әнұраным- жан ұраным,

Салар әнім, айтар сөзім.

Бақыт, бірлік- ел үмігі,

Тоқтамайды бақыт әні.

Мәңгі бақи шырқалады

Республика Әнұраны.

2-жүргізуші: Оқушылар «Қазақстан жалауы» әнін шырқайды.

1-жүргізуші: «Ақыл жастан, асыл тастан» деген сөзді айтқанда халқымыз жас толқынның болашағынан үміт күткен болар. Содан бері неше ұрпақ ауысса да халықтың жастарға деген сенімі өзгерген жоқ. Жастар әркез қоғамның қозғаушы күші ретінде танылған.

1-жүргізуші: Бізде жастайынан жалындап шыққан мақтан тұтар аға - әпкелеріміз жетерлік. Мысалға алар болсақ, жасындай жарқылдап өткен Шоқан Уәлиханов бүкіл Еуропа назар аударып отырған Қашқар қақпасының ар жағын әлемге паш еткен еді.

Отан намысын қорғаған Әлия, Мәншүк әпкелеріміз де жас емес пе еді?! 15 минут ішінде халық тағдыры шешілген мәжіліс шешімі қазақ КСР Компартия басшылығы өзгерген тұста да халық намысын ту етіп алаңға шыққан жастар.

Қазіргі күні еліміздің болашағы да біздің жастардың қолында. Ал балалар, сендер болашақта қандай маман иесі болғыларың келеді?

Ортаға салайық.

1-оқушы: Мен болашақта мұғалім болғым келеді. Өйткені елдің болашағы, оның өркендеуі үшін ең алдымен білім қажет. Ал білімнің бастауы, тұтқасы мұғалім.

2-оқушы: Банкир болғым келеді. Өйткені дамыған бай мемлекет болу үшін қаржы бірінші мәселе болып табылады. Банктік қызметте жаңа өзгертулер енгізіп, тың ұсыныстар кіргізсем деймін.

3 – оқушы: Дәрігер болсам деймін. Мемлекетіміздің дамып, өркендеуі үшін дені сау азаматтар жұмыс істеу керек. Елдің болашағы сондықтан дәрігерлердің қолында. Елім үшін еңбек етер білікті дәрігер болғым келеді.

4 – оқушы: Ал мен болсам әнші болғым келеді. Қазақтың ұлттық әндерін дүниежүзіне таратып, Қазақстанды бүкіл елге паш етсем. Қай ел болмасын

мәдениетінің асқақтығымен танылады. Сондықтан қазақ дәстүрін ән әуезі арқылы бүкіл дүниеге таратсам деп армандаймын.

5 – оқушы: Мен болашақта әскери қызметкер болғым келеді. Олар елдің қорғаны. Іргесі берік елден қашанда жау тайсалған. Бабаларымдай жерімізді сырт көзден қорғар қайсар азамат болсам деймін.

6 – оқушы: Мен суретші болғым келеді. Әдемі бояулармен елімнің тарихын, салт – дәстүрін, мәдениетін бейнелеп, әлемге танытсам деймін.

1 – жүргізуші:

Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.

2-жүргізуші:

Жас қырандар балапан,
Жанып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан,
Мен жастарға сенемін.

Би:

2-жүргізуші:

Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға.
Иман күшті оларда
Мен жастарға сенемін
Оқушы шығармалары тыңдалады.
Жер үстінде адам өмір өткізер,
Бар нәрсеге білім қолды жеткізер.
Бар ізгілік тек білімнен алынар,
Білімнен аспанға жол салынар.
Мықты деп атаймыз біз білімдіні

Білімменен озатын бірін-бірі

Жамандық жасағанша біреулерге

Болайық барлығымыз мейірімді.

Болашағы елімнің жас қолында,

Адаспасын жастарым өз жолында.

Ұлы Абай айтқандай кірпіш болып,

Қалансын керекті боп орнында.

Алға ұмтыл, жастарым тек шегінбе,

Білімнің қайнар көзі мектебінде.

Ерінбей жас кезінде көп ізденсең,

Өкінбейсің оқысаң сен тегінде.

2-жүргізуші:

Жұмсақ мінез жібектер,

Сүттен таза жүректер.

Қасиетті тілектер

Мен жастарға сенемін.

1-жүргізуші:

Мен сенемін жастарға,

Алаш атын аспанға.

Шығарар олар бір таңда

Мен жастарға сенемін.

Мұғалім: Менің жастарға айтарым, мемлекет және өздеріңнің ата-аналарың сендердің сапалы білім алуларың үшін қолдан келгеннің бәрін істейді. Сондықтан ел алдындағы, аға ұрпақ алдындағы жауапкершілікті ұмытпайық. Ерінбей, жалықпай білім алыңыздар. Жұмыс істеуді үйренейік.

Қоғамымыздағы бар жаманат атаулыдан жиреніп, олармен келіспейтін болыңыздар. Жалған әдеттен безіңіздер. Ел – болашағы мына сіздердің қолдарыңызда.